

**«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 29 маусымдағы № 06/18 шешімімен бекітілген «Самұрық-Энерго» АҚ бастамашылық ақпараттандыру саясатына енгізілетін толықтыру**

«Самұрық - Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 29 маусымдағы №06/18 шешімімен бекітілген «Самұрық-Энерго» АҚ бастамашылық ақпараттандыру саясатына мынадай толықтыру енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 18 тармақпен толықтырылсын:

«18. Қоғам қызметкерлеріне келіп түскен шағымдар/өтініштер бойынша дәлелдерді алдын ала тексеру нәтижесінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері байқалған жағдайда, тексеру материалдары заңнаманың талаптарына сәйкес құзыреті бойынша уәкілетті құқық қорғау органдарына материалдарды одан әрі жіберу туралы шешім қабылдау үшін Қоғамның бірінші басшысына жіберіледі;

Қоғамның бірінші басшысына қатысты келіп түскен шағымдар/өтініштер бойынша дәлелдерді алдын ала тексеру нәтижесінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері байқалған жағдайда, тексеру материалдары заңнаманың талаптарына сәйкес құзыреті бойынша уәкілетті құқық қорғау органдарына материалдарды жіберу мәселесін қарау үшін «Самұрық-Қазына» АҚ қауіпсіздік бөлімшелеріне және комплаенс қызметіне жіберіледі.».

**БЕКІТІЛГЕН**  
**2018 жылғы 29 маусымдағы**  
**«Самұрық-Энерго» АҚ**  
**Директорлар кеңесінің шешімімен**  
**№ 06/18 хаттама**

**КОРПОРАТИВТІК МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ**

**«Самұрық-Энерго» АҚ бастамашылық ақпараттандыру саясаты**  
**Р 01-01-18**

**Астана 2018**





## Мазмұны

1. Мақсаты.....	4
2. Қолдану саласы.....	4
3. Анықтамалар мен қысқартулар.....	5
4. Жауапкершілік.....	5
5. Нормативтік сілтемелер.....	5
6. Алаңдаушылықты білдіру.....	5
7. Қысымға қарсы кепілдіктер.....	7
8. Ден қою шаралары.....	8



## 1. Мақсаты

1. «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі - «Компания» немесе «біз») корпоративтік басқарудың, транспаренттілік пен есептіліктің ең үздік стандарттарына ұмтылады. Біз әрқашан компанияның мінез-құлық кодексінде қабылданған құндылықтарымызға, принциптерімізге және мінез-құлық стандарттарына сүйене отырып қызмет етеміз және парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қатысты нөлдік төзімділікті ұстанамыз.

2. Біз осы Бастамашылық ақпараттандыру саясатын (бұдан әрі - Саясат) мінез - құлық қағидаттары мен стандарттарын бұзуға қатысты тәуекелдерді басқару үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және ЭЫДҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы күрес жөніндегі басшылығының (бұдан әрі-сыбайлас жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы күрес жөніндегі талап) талаптарын сақтау үшін енгіздік және қабылдадық.

## 2. Қолдану саласы

3. Саясат компания қызметкерлеріне және басқа да қауымдастырылған тұлғаларға компанияда жасалған немесе жасалатын бұзушылықтарға қатысты тиісті тұлғаларға алаңдаушылық білдіре алатындай басшылықты көздейді.

Төменде мысалдар келтірілген:

<p><b>Пара алу және сыбайлас жемқорлық:</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>✓ Заңсыз сыйақы</li><li>✓ Алаяқтық</li><li>✓ Сөз байласу</li><li>✓ Мәжбүрлеу</li><li>✓ Өкілеттіктерді теріс пайдалану</li></ul> <p><b>Бухгалтерлік есепті бұзу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>✓ Бухгалтерлік есептегі қателер</li><li>✓ Бухгалтерлік есептегі бұрмаланулар</li><li>✓ Қаржылық олқылықтар</li><li>✓ Жазбаларды және құжаттарды бұрмалау</li></ul> <p><b>Ақпараттың ағымы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>✓ Құпия және инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз ашу</li></ul>	<p><b>Тең емес жалдау және еңбек шарттары:</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>✓ Еңбек жанжалдары</li><li>✓ Кемсітушілік</li><li>✓ Еңбек жанжалдары</li><li>✓ Қудалау</li><li>✓ Этикалық емес мінез-құлық</li></ul> <p><b>Денсаулыққа, қоршаған ортаның қауіпсіздігіне қауіп:</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>✓ Қоршаған ортаға зиян</li><li>✓ Мүлікке зиян</li><li>✓ Қауіпті жұмыс жағдайлары</li><li>✓ Ұрлық</li><li>✓ Денсаулыққа зиян келтіру</li></ul>
---	---



4. Саясат дауыс беретін акцияларының 50%-дан астамы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Энерго» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі барлық заңды тұлғаларға қолданылады.

### **3. Анықтамалар мен қысқартулар**

5. Осы Саясатта мынадай анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) Қауымдастырылған тұлғалар - Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері, қызметкерлер, агенттер, бірлескен кәсіпорындар бойынша әріптестер, еншілес ұйымдар және компания үшін қызмет көрсететін немесе оның атынан сөйлейтін өзге де тұлғалар.

2) Уәкілетті тұлғалар- Компанияның лауазымды тұлғалары

3) Жедел желі - Кез келген қауымдастырылған тұлғаларға және кұпиялылықты сақтауға кепілдік беретін тәуелсіз компания қызмет көрсететін компанияның қызметкерлеріне арналған кері байланыс құралы

### **4. Жауапкершілік**

5. «Самұрық-Энерго» АҚ комплаенс қызметінің басшысы осы саясатта белгіленген талаптардың сақталуына, жұмыс істеуін ұйымдастыруға жауапты болады.

7. Компанияның барлық қызметкерлері танысып, осы ішкі нормативтік құжаттың нормалары мен ережелерінің тиісінше орындалуына жауапты болуы тиіс.

### **5. Нормативтік сілтемелер**

8. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелеріне, «Самұрық-Қазына» АҚ бастамашылық ақпараттандыру саясатына, оның ішінде Компанияның мынадай ішкі нормативтік құжаттарын ескере отырып әзірленді:

1) Қоғамның Жарғысы.

2) Корпоративтік басқару кодексі;

3) Ақпараттық саясат;

4) «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары үшін комплаенс функциясы бойынша референстік модель

### **6. Алаңдаушылықты білдіру**

9. Кез келген бұзушылық, атап айтқанда мінез-құлық кодексін сақтамау біздің Қордың қызметі мен беделіне елеулі нұқсан келтіруі мүмкін.

Осыған байланысты біз өз қызметкерлерімізден мінез-құлық кодексін, сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтық пен парақорлыққа және өзге де бұзушылықтарға қарсы күрес жөніндегі талаптарды сақтамау туралы өз



алаңдаушылықтарын білдіруді талап етеміз және өзге біздің қауымдастырылған тұлғаларымызды сол үшін көтермелейміз.

Саясатты қолданудың жоғарыда аталған салаларында қамтылған мәселелерге қатысты сенімді алаңдаушылығы бар кез келген қызметкерге немесе өзге қауымдастырылған тұлғаға мұндай алаңдаушылық туралы ақылға қонымды қысқа мерзімде хабарлау қажет. Бұл жағдайда мұндай алаңдаушылықтың адал, сенімді және жаман ниетсіз білдірілгенін қамтамасыз ету маңызды. Сонымен қатар, қызметкерден немесе басқа қауымдастырылған тұлғадан мәселені тергеуді жүргізу күтілмейді.

Әдетте, болжамды бұзушылықтар туралы бірінші болып білетіндер - бұл Компания қызметкерлері болып табылады. Алайда, көптеген қызметкерлер бөлімше басшысына немесе Компания басшылығына бұзушылықтар туралы алаңдаушылық білдіру себептерге байланысты қолайсыз болып табылады деп есептейді, қызметкерлер олардың алаңдаушылығын тудыратын мәселе жеткілікті маңызды емес деп санауы мүмкін немесе қызметкердің алаңдаушылық білдіруі мұндай қызметкердің компанияға деген адал емес қатынасы ретінде қарастырылады немесе бұл мәселені елемеу оңайырақ болады деп санайды. Осыған байланысты Компания бұзушылықтар туралы ақпаратты ашатын қызметкерлерге немесе өзге де қауымдастырылған тұлғаларға жұмыс орнын сақтауды қоса алғанда, қысымшылықтан қорғауды ұсынады.

10. Компания қызметкерлер мен өзге де қауымдастырылған тұлғалар олардың хабарламалары тиісті түрде қаралатынына және тиісті ден қою шаралары қолданылатынына сенімді болуы үшін бастамашылық ақпараттандыру желісіне сенімділікті арттыру маңызды екенін мойындайды. Осыған байланысты, Компания қызметкерлерге және өзге де қауымдастырылған тұлғаларға өз алаңдаушылығын тәуелсіз үшінші тарапқа, оның ішінде құпия немесе одан да көп жасырын негізде білдіруге мүмкіндік беру үшін сыртқы операторды тартады. Мұндай хабарламалар тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн бір немесе бірнеше рет жіберілуі мүмкін

ТЕГІН ТЕЛЕФОН ЖЕЛІСІ	Сыртқы оператор басқаратын Компания алаңдаушылық білдіру үшін бірнеше ішкі арналарды ұсынады:
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОШТА	
ИНТЕРНЕТ	
Бұл байланыс құралдары қауіпсіз және арнайы кодтау құрылғыларымен қорғалған	✓ Компанияның сайты ✓ Комплаенс тренингтері ✓ Кеңсе постерлері ✓ Корпоративтік пошта ✓ басқа



11. Сыртқы оператор әкімшілік ететін бастамашылық ақпараттандыру желісіне қосымша Компания алаңдаушылықты білдіру үшін бірнеше ішкі арналарды ұсынады:

#### **Бөлімге басшылары**

Бұл жағдайда хабарлама жеке кездесуде немесе жазбаша түрде жасалуы мүмкін. Егер мәселе жазбаша түрде көтерілсе, қарастырылып отырған мәселенің тарихы мен хронологиясын баяндап, алаңдаушылықтың себептерін нақты көрсеткен жөн.

Егер бөлімше басшысы бұл мәселені қарай алмаса, ол туралы басшылыққа ауызша немесе жазбаша түрде хабарлау қажет.

Қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғуы мүмкін фактілер туралы хабарламаларды Компания қарамайды. Сенімді алаңдаушылық білдірген адамға уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгіну қажеттігі туралы хабарлауға тиіс. Уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгіну қажеттілігі туралы адамға хабарлау мүмкіндігі болмаған кезде уәкілетті тұлғалар ақпаратты одан әрі қарау және уәкілетті мемлекеттік органдарға беру үшін Компанияның қауіпсіздік қызметіне береді.

#### **Басшылық**

Егер қарастырылып отырған мәселе бөлімше басшысына қатысты болса немесе бұл мәселені бөлімше басшысымен талқыламаған жөн болса, онда қызметкер немесе басқа қауымдастырылған тұлға Компания басшысына өзінің алаңдаушылығы туралы хабарлауы мүмкін. Сонымен қатар, алаңдаушылық тудырған мәселе мен себептер жазбаша түрде нақты жазылғаны жөн.

#### **Комплаенс қызметінің басшысы**

Бөлімше басшыларына немесе басшылыққа хабарламалар жолдауға қосымша немесе олармен талқылау жүргізбеген жөн болса, бастамашылық хабарламалар **комплаенс қызметінің басшысына жіберілуі мүмкін.**

#### **СВА басшысы**

Егер талқыланатын мәселе қаржылық есептіліктегі ықтимал сәйкессіздіктерге қатысты болса, қызметкерлер мен өзге де қауымдастырылған тұлғалар бұл туралы СВА басшысына ауызша немесе жазбаша түрде хабарлауға тиіс.

#### **Омбудсмен**

Егер талқыланатын мәселе қандай да бір еңбек жанжалына немесе әріптестер арасындағы қарым-қатынасқа қатысты болса, қызметкерлер бұл туралы Омбудсменге ауызша немесе жазбаша түрде хабарлауы керек.



## 7. Қысымға қарсы кепілдіктер

Осы Саясатқа сәйкес бұзушылықтар туралы хабарлаған қызметкерлер мен өзге де қауымдастырылған адамдар қандай да бір теріс қарым-қатынасқа немесе қандай да бір жолмен жазаға тартылмайды. Қызметкерлерге жұмыс орнын сақтауды қоса алғанда, құқықтар мен мүдделерді толық қорғау қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, жосықсыз әрекет ететін немесе жеке басының пайдасын алу және/немесе қасақана ниетпен айып тағатын қызметкерлерге тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін.

12. Қызметкерлер және өзге де қауымдастырылған тұлғалар оның алаңдаушылығын білдіру үшін сыртқы операторды тандап, анонимді болып қалғысы келетін жағдайлар үшін Компанияның тәуелсіз сыртқы операторды тартуы алаңдаушылық білдіретін адамның жеке басын анықтау мүмкін еместігін қамтамасыз етеді.

## 8. Ден қою шаралары

### 13. Сыртқы оператор:

- ✓ Барлық кіріс хабарламаларды телефон, веб сайт немесе электрондық пошта арқылы қабылдайды және өңдейді,
- ✓ мүмкіндігінше алаңдаушылық білдіретін адамдармен байланыс жасайды және барынша релевантты ақпаратты ұсынуда ықпал етеді,
- ✓ барлық хабарламаларды жіктейді және оларды бұзушылықты тергейтін барлық тұлғаларға жібереді,
- ✓ Одан әрі Басқармаға/Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне ұсыну үшін келіп түскен өтініштер бойынша есептер дайындайды

### 14. Бөлім басшылары және басшылық

- ✓ Ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлама алады;
- ✓ Өз қызметкерлерінің осы Саясат және белгіленген рәсім бойынша хабардар болуын қамтамасыз етеді;
- ✓ Алаңдаушылықты оңай айта алатын қызметкерлер үшін ашық жұмыс ортасын ынталандырады;
- ✓ Осы Саясатқа сәйкес, тиісті түрде берілген әрбір мәселені қарастырады;
- ✓ Алаңдаушылық білдірген адамға ұсыныстар беру мүмкіндігін қарастырады немесе осы мәселемен жеке айналысады;
- ✓ Тергеу жүргізу қажеттілігін қарастырады;
- ✓ Мүмкін болса, алаңдаушылықты шешеді;
- ✓ Егер бұл мәселені шешу мүмкін болмаса, оны Комплаенс қызметі басшысына жібереді.



### **15. СВА басшысы, Омбудсмен**

- ✓ Ықтимал бұзушылықтар туралы хабарламалар алады;
- ✓ Осы Саясатқа сәйкес, тиісті түрде берілген әрбір мәселені қарастырады;
- ✓ Алаңдаушылық білдірген адамға ұсыныстар беру мүмкіндігін қарастырады немесе осы мәселемен жеке айналысады;
- ✓ Мүмкін болса, алаңдаушылықты шешеді;
- ✓ Бұл мәселені шешу мүмкін болмаған жағдайда оны комплаенс қызметінің басшысына жібереді.

### **16. Комплаенс қызметінің басшысы**

- ✓ Ықтимал бұзушылықтар туралы хабарламалар алады;
- ✓ Қажет болған жағдайда тергеу қалай жүргізілетінін анықтайды;
- ✓ Тұрақты негізде алаңдаушылық білдірген адамды тергеу барысы туралы хабардар етеді;
- ✓ Қажет болған жағдайда тергеп-тексеруді қалыптастыру мақсатында бөлімшелердің басшыларымен және арнайы құрылатын комитеттердің басшыларымен өзара іс-қимыл жасайды;
- ✓ Келіп түскен өтініштер бойынша Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетін хабардар етуге құқылы;
- ✓ Басқармаға/аудит жөніндегі комитетке Директорлар кеңесінің жартыжылдық есептерін осы Саясатқа сәйкес алынған бұзушылықтар санын көрсете отырып, әрбір мәселе бойынша қысқаша сипаттамасы мен нәтижесін көрсетумен ұсынады.

### **17. Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті**

- ✓ Ықтимал бұзушылықтар туралы хабарламалар алады;
- ✓ Қажет болған жағдайда аса маңызды тергеулер бойынша қадағалауды жүзеге асырады;
- ✓ Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесіне түзету шараларын ұсынады;
- ✓ Тергеуді басқару жөніндегі есептерді жартыжылдық негізде қарайды

18. Қоғам қызметкерлеріне келіп түскен шағымдар/өтініштер бойынша дәлелдерді алдын ала тексеру нәтижесінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері қаралады, тексеру материалдары қоғамның бірінші басшысына материалдарды заңнаманың талаптарына сәйкес құзыреті бойынша уәкілетті құқық қорғау органдарына одан әрі жіберу туралы шешім қабылдау үшін жіберіледі;

Қоғамның бірінші басшысына қатысты келіп түскен шағымдар/өтініштер бойынша дәлелдерді алдын ала тексеру нәтижесінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері байқалған жағдайда, тексеру материалдары заңнаманың талаптарына сәйкес құзыреті

бойынша уәкілетті құқық қорғау органдарына материалдарды жіберу мәселесін қарау үшін «Самұрық-Қазына» АҚ қауіпсіздік бөлімшелеріне және комплаенс қызметіне жіберіледі.